

Дүйсенбаева

Р.И.

Әл-Фараби

атындағы ҚазҰУ

Мақалада қазақтың жыраулар поэзиясындағы жырау мен жыршылық дәстүр тағылымы мен жыраулық өнерді жалғастырушы даңқты ақын Жамбыл Жабаевтың жыршылық мұрасы қарастырылады.

В статье рассматриваются величайшие поэтические творения казахского народа, и о несметное поэтическое богатство Жамбула Жабаева,

Жыраулық дәстүр жалғастығы

Қазақ әдебиеті тарихының толқынында жарқын белестерге толы бір кезең XV –XVIII ғасыр әдебиеті деуге болады. XIII –XIV ғасырда монғол шапқыншылығынан бас көтеріп, жаңа заман, өмірге бет бұрған халықтың жаңа шежіресі басталады. Алтын Орда құлап ноғай, қазақ рулары дербестігін алып бөлініп шығады. Ел басына біркелкі заман орнату қиынға соққан кезеңде ел қамы мен ұлт жаны үшін тарих төріне әдебиет өкілдері жыраулар келеді. Монғол шапқыншылығының зардабы кезіндегі сопылық әдебиеттен кейін, XV ғасырдан бастап қазақ мәдениеті алға өрлеп әдебиет, музыка, ғылым саласы қайта жанданады. Осы бір кезде тарих тұғырында да әдебиет әлемінде де елеулі орны бар жыраулар поэзиясы қалыптасты.

XV ғасырдың бірінші жартысында Жәнібек пен Керей хандарының қазақ хандығын құрып, қазақ деген ел дербес өмір сүруіне байланысты осы кезеңде қазақтың төл әдебиеті, әдеби тілі қалыптаса бастады. Сонау қазақ ауыз әдебиетінен бастау алып ертегі-аңыздар, жұмбақ-жаңылтпаштар, эпостық жырлар сияқты халықтың, халық ауыз әдебиетінің еншісінде ғана емес, жеке авторлық шығармалар дүниеге келді. Мұндай жыр иелерін жырау деп, олардың жырларын толғап, халық арасында таратушылар жыршы деген атқа ие болып, әдебиетте жеке сипат ала бастаған еді.

Ш.Уәлиханов «Қазақ халық поэзиясының түрлері жөнінде» атты еңбегінде: «Жыр-дегеніміз рапсодия. Ал жырламақ деген етістік тақпақтап айту дегенді білдіреді. Барлық далалық жырлар қобыздың сүйемелдеуімен тақпақтап айтылады», - деп көрсеткен екен (1) Жырау- қазақ әдебиетінің көрнекті өкілі. Әдебиетте де тарихта да маңызды орын алар тұлға. «Жырау – өз жанынан шығарып айтатын және эпикалық дастандар мен толғауларды орындайтын халық поэзиясының өкілі. Жырау атауы-«жыр» сөзінен туындайды» деген түсініктеме «Қазақ әдебиетінің энциклопедиясында» берілген. Өз жанынан суырып шығарып жырлайтын жыраулар XV ғасырда туа салған жоқ. Жырау тұлғасының тарихы тереңде. «Сәуегейлік, батагөйшілдік, түс көру, ырым айту, табиғат құбылыстарына болжам жасау, абыздың бір міндеттерін атқару-көне дәуір жырауларына тән қасиет»- делінген сол кітапта. Ия, жыраулық мектептің түп негізі абыздардан басталады. Жыр мен жыраулар туралы деректер М.Қашқаридың «Диуани-лугат-ат-түрік» еңбегінде кездеседі. Оның еңбегінде Шөже жырау (XI ғ.), Қорқыт (IX ғ.), Сыпыра жырау (XIV) есімдері арқылы біз жыраулық поэзияның тамыры әріде жатқандығын білеміз. Сонымен жыраулық поэзияның алғашқы өкілдеріне Сыпыра жырау Сұрғылтайұлы, Асан Қайғы (Хасан), Қазтуған Сүйенішұлы, Доспамбет жырау, Тіленішұлы Шалкиіз, Жиёмбет

жырау, Марғасқа жырауларды жатқызамыз. Олар жаңа әдеби салаларды қалыптастырушылар ғана емес, көне мұраны жалғастырушылар болып табылады. Олар шығарған әдебиет үлгілері – негізінен заман, қоғам өмір жайлы ойлы, сырлы толғаулар, ақыл-өсиет түріндегі шешендік сөздер, мақал сияқты тұспал-дидактикалық термелер сондай-ақ елді жеңіске бастаған батырлардың көзсіз ерлігін жырлаған. Ерлік эпосы, ел қожаларын дәріптейтін мадақ жырлар, қайғылы қазаға байланысты азалы сөз, естірту жоқтау немесе қара қылды қақ жарған әділ қазы, терең оймен жұртты ұйытқан ақыл иелерін қошеметтеген арнаулар болатын.

Қазақ ұлты руханиятының киелі сөз өнерін, жырау мен жыршылық дәстүр тағылымын жалғастырушылардың бірегейі абыз-жырау, ақын-айтыскер, жыршы Жамбыл Жабаев болды. Ұлы ғалым М.О.Әуезов халық ақыны Жамбылдың ел өнерінің алтын бесігінен шыққандығын айта келіп: «Жамбыл-қазақ халқының лирикалық, философия және шешендік сөздеріне өлшеусіз үлес қосқан ұлы ақын» -деп бағалайды.(1) Сонымен қатар ғалым Сүйінбайдың ұстаздық мектебін, Жамбылдың Құлманбетпен, Досмағанбетпен айтысын, «Өтеген», «Сұраншы», «Саурық батыр» жырларының тарихи негіздерін зерделеп, ерекшелігін көрсетіп береді

Жамбыл Жабаев Жетісудың ақындық мектебінен ғана өткен жоқ, қазақ даласында өмір сүрген атақты жыраулардың, халықтың қара өлеңін, өз заманындағы сөз майын тамызған ақындар мен жыршылардың шығармаларын көңіліне тоқып, меңгеріп, шығармаларының өзегіне айналдырып белгілі ақын болып қалыптасады. Сондықтан Жамбыл Жабаевтың шығармаларының қайнар көзі – қазақтың ежелден келе жатқан ауыз әдебиеті, мәдениеті болды. Өз шығармаларында ақын Бұқар жырау, Шөже, Шернияз, Шортанбай, Досқожа, Нысанбай, Дулат, Сүйінбай сияқты ақын-жырауларды келтіре отырып, олардың мұрасы жайында сөз айтады. Сонымен қатар Жамбыл Жабаев көрші жатқан Қырғыз елінің мәдениеті мен ауыз әдебиетін бойына сіңіреді. Қырғыз еліндегі манасшы, халық поэзиясын сүйетін достарының арқасында қырғыз ауылдарын көп аралап, өнердің ортасында көп жүреді. Атақты өнер саңлақтарымен айтысқа түсіп, бірге жыр толғап, күй тартып, өлең айтады. Бұл да Жамбылдың майталман ақын болып қалыптасуына ықпал еткен еді.

Табиғатынан талантты ұлы дарын иесі он бес жасынан өлең айтуды бастай жүріп, халық поэзиясынан сусындап ауыз әдебиетінің дәстүрін игеріп, суырыпсалмалық өнердің қырсырына қанығып, жырау, айтыскер, ақынға айналады.

Жамбыл суырып салма ақын ғана емес, бір жағынан жыршы болғанын ескерсек, оның ел ішінде тараған дастан – қиссалары мен өз жүрегінен жарып шыққан жырларын да есте сақтау қабілетінің күштілігіне күдіктенуге болмас еді. Білетін кісілердің айтуынша ол «Көрұғлы», «Манас» сияқты тарихи-эпикалық жырларды бір жеті, кейде он бес күн бойы жырлаған.

Алғашқы жазған өлеңдері заманындағы қазақ ауылының тіршілігі, кейбір адамдардың мінез-құлқы, басқарушылардың, бай-манаптардың ұнамсыз іс-әрекеттері болды. «Кедей күйі», «Пұшықтың ұрыға айтқаны», «Әділдік керек халыққа», «Кәрібайдың төбеті», «Жылқышы», «Мәнке болыс» тәрізді тегеурінді де өжет ақындық мінезден, халықтық даналықтан туған өлеңдері еді. Елдегі Шалтабай болыстың мінез-құлқын Жамбыл былайша жырлайды:

Салқын келіп тоң-теріс

Сыртқа сыздап қарайсың

Сенен басқа жоқ болыс,

- Деп өзінді санайсың...

«Шарға» түсер шағыңда,

Қара тер боп шабылдың,

Елге сөзің жеткенше:

«Жамағат!»- деп, жалындың.

Қол билікке жеткен соң,

Салғырттыққа салындың...

Яғни оның бұл өлеңдері арнау мен мысқал өлеңдер деп айтуға болады. Зерттеулерге қарай отырып Жамбылдың ақын болып қалыптасуы ХІХ ғасырдың жетпісінші жылдары деп айтуға болады. Осы кезең көрінісі ақын өлеңдерінің негізі болды. Бұл кезең қазақ сахарасына ішкі Ресейдің отаршылық басқару саясатының тырнағы батып, көптеген келеңсіз оқиғалардың болып жатқан тұсы еді. Осының салдарынан халықтың тұрмыс-салтындағы, санасы мен мінез-құлқындағы өзгерістер, жағымсыз қылықтар пайда болып, ел іші күйзеліске ұшыраған-ды. Осындай болып жатқан құбылыстар Жамбылды бей-жай қалдырмады. Өлең болып өріледі. Жамбылдың сол замандағы дәлдік ақындармен айтыстары оның есімін ақын ретінде ел-елге таныта бастайды. Осы айтыстарға қатысу Жамбылдың суырыпсалмалық өнерін шындап, ақындық шеберлігін арттырумен бірге, азаматтық өресін де өсіреді, ақындықтың өзгеше сұрлеуіне түсіп, көркем де кестелі сөздің шеберіне айналады. Жамбылдың айтыстарымен таныса отырып, ақынның айтыс өнеріне жаңа түр бере отырып, мән-мазмұнын байытқанын байқаймыз. Жамбыл айтыстағы кейбір ақындардың айтысты күнкөрістің құралына айналдырып, ел басқарушыларға жалпақтап, соларды мадақтағандықтарын бетіне басып, оларға қарсылық танытқанын білеміз. Айтыс өнерін өзгеше бағалаған Жамбыл жаңа сипатпен, тың тақырыптармен келген еді. Өзінің «Менің өмірім» атты естелігінде Жамбыл жыршылық өнерінің даму сипатына тоқталады: “Ел жүдеген үстіне жүдей берді, ел менен жыр сұрағанда, кепкен ботаның тұлыбына еміренген маядай, батырларды жырла дейтін болды. Мен де жұрттың тілегіне сәйкес “Өтеген батыр”, “Саурық батыр”, “Сұраншы батыр”, “Көрұғлы батыр”, “Алатай-Жапарқұлдың” жырларын айтатын болдым. Ел есіткенде ыңыранып жылайтын, ауру көргендей болатын. Осындай елді жарыққа шығаратын батырлар да туар-ау әлі десетін”.

(3)

Жамбыл өз жырларымен елді қорғаған батырлардың ерлігін, адамшылық қасиеттерін мадақтап, езілген қам - көңіл халықтың көңілін, рухын көтеріп отырғаны рас еді. Бұл жайында ғалым С. Қасқабасов өзінің зерттеуінде: «Жалпы, Жамбыл батырлар туралы жырлағанда жай жыршы болып қана көрінбейді. Оның ақын екені мұнда да айқын көрініп тұрады. Жәкең жырлаған “Өтеген батыр”, “Сұраншы батыр”, “Көрұғлы” дастандарында ежелгі эпостық дәстүрдің көп белгілерімен бірге біраз өзгешеліктер бар. Әсіресе, ондай айырмашылық қаһармандардың күйінген сәттерін беруде, сондай-ақ эпоста мүлде жоқ табиғат суреттерін бейнелеуде және ескі батырлар жырына тән кейбір байырғы мотивтерді түрлендіруде көрініс береді. Бұл тұрғыдан келгенде, Жамбылдың жыршылық өнері арнайы қарастыруды талап етеді. Өйткені, Жәкең – асқан шебер жыршы, ол кісі жырды айтудың өзін шығармашылық деп түсінеді, яғни Жәкең белгілі эпосты жырлаған шақта да импровизация жасап отырады. Бұған Жәкең жырлаған “Өтеген батырдың” екі нұсқасын салыстыру арқылы көз жеткізуге болады.

Бір сюжетке құрылған екі шығарма болып шыққан. Демек, Жамбыл сияқты классик жыршылар эпосты құр жаттап алып айтпайды, олар сюжетті, оқиғалар мен адамдарды жадында сақтайды да, жырлау барысында өз еркінше импровизация жасайды, ал импровизация процесі – шығармашылық процесс, оның өзіндік заңдылығы, әдіс-тәсілдері бар. Жәкең осының бәрін толық меңгерген әрі игерген, сөйтіп, ол импровизаторлық өнердің биік шыңына жеткен. Кемеліне келген импровизаторлық өнер мен бойына туа біткен ғажайып дарын, өзі жинақтаған зор өмірлік әрі ақындық тәжірибе Жамбылды ХХ ғасырда ұлы жырау биігіне көтерді. Ежелгі данышпан жырауларша Жамбыл бұл тұста мемлекеттік мәні бар мәселелерді көтеріп, қоғам өмірі мен ел мүддесін жырлайды, замана жайлы толғайды» (4)

Ж.Жабаев қазақтың киелі сөз өнерінің шоқтығы жыраулар дәстүрін жалғастырып, қайта жандандырып, кейінгі ұрпаққа жаңа тұрғыдан, жаңа мазмұнмен жеткізді. Ұлы жыраулар сияқты Жамбыл да елдің саяси, әлеуметтік мәселелерін толғауына қосып, ел билеушілер алдында айтып, жырлай білген. Жыраулар үлгісін өз поэзиясының нәріне айналдырған

жырау замана туралы, дәуір шындығын сипаттай келе, болып жатқан қоғамдық құбылыстарға да өз бағасын береді. Оның толғауларында жыраулыққа тән ойшылдық, абыздық, нақылдық нұсқалардың көптеп кездесетініне куә боламыз.

Қолданылған әдебиеттер:

1. Ш.Уәлиханов. Таңдамалы шығармалары. Алматы, «Жазушы» 1985ж.
2. XV- XVIII ғасырлардағы қазақ әдебиеті- Алматы, Мектеп, 1989ж.
3. С.Қасқабасов. XX ғасырдың жырауы
«Қазақ хандығы дәуіріндегі әдебиет» Хрестоматия. Құрастырған: М.Мағауин Алматы, «Ана тілі»
1993 ж
4. «XV-XVIII ғасырлардағы қазақ поэзиясы» Редакциялық коллегия Алматы, «Ғылым» 1982 ж
5. Ш.Ш. Уалиханов «Таңдамалы» Алматы «Жазушы» 1985 ж
6. Х.Сүйіншәлиев «VIII-XVIII ғасырлардағы қазақ әдебиеті» Алматы, «Мектеп» 1989ж